

Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің алтын-валюта резервін қалыптастыру мен пайдалану тәртібі туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Қаулысы 1994 жылғы 8 шілде N 1786. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің алтын-валюта резервін қалыптастыру мен пайдалану мәселелерін ретке келтіру мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің алтын-валюта резервін қалыптастыру мен пайдалану тәртібі туралы ереже бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі 1994 жылғы 15 шілдеге дейінгі мерзімде өзінің банктер мен шаруашылық жүргізуші субъектілерге шетелдік валютамен берген кредиттері мен кепілдіктерінің сөзсіз қайтарылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы Ереже 1994 жылғы 20 маусымнан бастап күшіне енгізілсін.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

1 9 9 4

ж ы л ғ ы

8

ш і л д е д е г і

N

1 7 8 6

қ а у л ы с ы м е н

б е к і т і л г е н

**Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің
алтын-валюта резервін қалыптастыру мен
пайдалану тәртібі туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Осы Ереже "Мемлекеттің валюта резервтерін қалыптастыру және валюталық шығыстарды ретке келтіру жөніндегі шұғыл шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 27 желтоқсандағы N 1483 Жарлығына сәйкес әзірленген.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің алтын-валюта резерві ақша-кредит саясатын жүзеге асырудың, қазақстандық теңгенің тұрақты өтімділігін және ликвидті валюта нарығының жұмыс істеуін қолдаудың басты құралдарының бірі, сондай-ақ теңгенің ішкі және сыртқы құнын қамтамасыз етудің негізі ретінде құрылып, пайдаланылады.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің алтын-валюта резерві:
а) монетарлық алтыннан, күмістен, платинадан және платина тобындағы басқа да металдардан;

Монетарлық алтын - химиялық құрамы бойынша таза алтын болып есептелетін алтын және ол таңбалануы жағынан халықаралық стандартқа сай келеді.

ә) Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі анықтайтын тізбе бойынша корреспонденттік шоттар мен қолма-қол нысандағы еркін өтімді және басқа ш е т е л д і к в а л ю т а л а р д а н ;

б) Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі алдындағы дебиторлардың еркін өтімді валютадағы қысқа мерзімді (бір жылға дейін) міндеттемелерінен қ ұ р а л а д ы .

Алтын-валюта резервін жеке-дара құрайтындардың проценттік арақатысын Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі анықтайды және қолдап отырады.

4. Қазақстан Республикасы алтын-валюта резервінің есебі осы Ереженің 3-тармағында көрсетілген Ұлттық банк активтерінің сомасы ретінде анықталатын жиынтық алтын-валюта резервінің түрлері бойынша және жиынтық алтын-валюта резерві мен Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің осы Ереженің 6-тармағының "д" тармақшасына сәйкес іс жүзінде алынған кредиттері (заем, қарыз) жөніндегі міндеттемелері арасындағы айырма ретінде анықталатын таза алтын-валюта резервінің түрлері бойынша жүргізіледі.

5. Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі алтын-валюта резерві Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің сметасына (бюджетіне) сәйкес Ұлттық банктің пайдасынан аударым жасау есебінен қалыптастырылады.

6. Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің алтын-валюта резерві:

а) "Алтын және алмас қоры туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қазақстандық және басқа өндірушілерден (сатушылардан) аталған металдарды: монетарлық алтынды, күмісті, платинаны және платина тобындағы басқа да металдарды сатып алу;

ә) Қазақстан Республикасының резиденттерінен және резидент еместерінен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінен шетелдік валютаны теңгеге (ескерткіш және сувенирлік тиындарды қоса) сатып алу;

б) Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің шетелдік валютамен жасайтын депозиттік, салымдық, дилингтік және басқа операцияларынан, сондай-ақ осы Ереженің 8-тармағына сәйкес Ұлттық банктің шетелдік валютада берген кредиттерінен проценттер, комиссиялық және басқа түсімдер есептеу;

в) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдері негізінде Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің монетарлық алтынды, күмісті, платина мен басқа

да платина тобындағы металдарды сату, депонирлеу және солармен жасаған басқа операциялардан шетелдік валютада түсімдер алу;

г) Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі мен Президентінің келісуі бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық банкіне халықаралық қаржы ұйымдарының, шет мемлекеттердің орталық банктерінің және басқа кредиторлардың беретін кредиттерін алу;

д) "Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі туралы ережеге сәйкес Ұлттық банк көрсеткен консультациялық, ақпарат-баспа және басқа қызметтерден шетелдік валютада түсімдер алу жолымен толықтырылады.

7. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі алтын-валюта резервін мынадай м а қ с а т т а р ғ а :

а) шетелдік валютаға сұраныс пен ұсыныстың теңсіздігін бәсеңсіту үшін ішкі валюта нарығында шетел валютасын сату жолымен жалпы ақша кредит саясаты шегінде ауыстыру бағамы саясатын жүргізуге;

ә) Қазақстан Республикасы Үкіметінің мұқтажы үшін теңгені айырбастауға арнап мемлекеттік бюджет қаржысы есебінен және Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің мұқтажы үшін қолданылып жүрген заңдарға сәйкес Ұлттық банктің сметасындағы қаржы есебінен валюта беруге;

б) бір мемлекеттің шетелдік валютасын сату жолымен басқа мемлекеттің шетелдік валютасын сатып алуға;

в) осы Ереженің 6-тармағы "д" тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі алған кредиттер бойынша қарыздың негізгі сомасын, проценттерін, комиссиялықты және басқа да төлемдерді қайтаруға жұмсайды.

8. Алтын-валюта резервтерінің қаржысын, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі мен Қазақстан Республикасы Президентінің шешімдерінде көзделгеннен басқа жағдайларда, кредит (заем, несие) беру түрінде және Қазақстан Республикасының резиденттері мен резидент еместерге кепілдік беру үшін пайдалануға болмайды.

9. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі ай сайын Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесіне, Президентіне және Үкіметіне республиканың Ұлттық банкі алтын-валюта резервінің қалдығы және оның қаржысының қозғалысы туралы есеп береді, сондай-ақ ай сайын өз алтын-валюта резерві туралы қысқаша нысанда ресми хабар жариялап отырады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК